

мынадай мазмұндағы 18-1) тармақшамен толықтырылсын:

"18-1) салалық стандарт - салалық маңызы бар өнімдерге, процестерге (жұмыстар) мен көрсетілетін қызметтерге қойылатын талаптар қамтылатын стандарт;"

мынадай мазмұндағы 23-1) тармақшамен толықтырылсын:

"23-1) өнімді каталогтау жүйесі - өнімді каталогтау саласында олардың құзыреті шегінде жұмыстарды жүзеге асыратын мемлекеттік басқару органдарының, жеке және заңды тұлғалардың, Қазақстан Республикасында өнімді каталогтау жөніндегі жұмыстарды жүргізудің тәртібін белгілейтін нормативтік құжаттардың жиынтығы;"

25) тармақшада "стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі танылған орган бекіткен" деген сөздер алынып тасталсын;

27) тармақшада "нормативтік құжат" деген сөздердің алдынан "стандарттау жөніндегі" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 31) тармақшамен толықтырылсын:

"31) стандарттау жөніндегі сарапшы - стандарттау саласында жұмыстар жүргізу құқығына белгіленген тараппен аттестатталған маман.";

2) 4 - б а п т а :

тақырыбында: "мақсаттары" деген сөзден кейін "мен принциптері" деген сөздермен толықтырылсын;

9) тармақшада "сапасы" деген сөзден кейін "және қауіпсіздігі" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Мыналар стандарттаудың негізгі принциптері болып табылады:

1) келісу (консенсус);

2) ашықтық (мөлдірлік);

3) еріктілік;

4) отандық және шетелдік өндірушілер мен берушілер үшін стандарттау саласында бірдей талаптардың қойылуы (қысым көрсетілмеуі);

5) экономикалық орындылығы.";

3) 6-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 10) тармақшамен толықтырылсын:

"10) стандарттау, көрсетілген бағытта кадрларды даярлау және олардың біліктілігін арттыру саласында консалтинг қызметтерін көрсететін жеке және заңды тұлғаларды есепке алуды жүзеге асырады.";

4) 8-баптың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) стандарттау саласындағы жұмыстарды жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар, оның ішінде стандарттау жөніндегі техникалық комитеттер мен сарапшылар;"

5) 9 - б а п т а :

1-тармақ мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:

"9) салалық стандарттар.";

5 - т а р м а қ т а :

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Нормативтік құжаттар, оларға өзгерістер, сондай-ақ олардың күшін жою туралы шешімдер осы Заңның 10, 11, 12, 13, 14-баптарына сәйкес бекітілуге және тіркелуге ж а т а д ы . " ;

екінші бөлік алынып тасталсын;

б) мынадай мазмұндағы 10-1-баппен толықтырылсын:

"10-1-бап. Салалық стандарттар

1. Салалық стандарттар салалық маңызы бар өнімдерге, процестерге (жұмыстарға) және көрсетілетін қызметтерге әзірленеді әрі мемлекеттік басқару органдары олардың құзыреті шегінде бекітеді.

2. Салалық стандарттарды әзірлеу, келісу, тіркеу жөніндегі объектілер мен жалпы ережелерді стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган белгілейді.

3. Салалық стандарттардың, олардың объектілерінің нақты түрлеріне қойылатын талаптарды, оларды әзірлеу мен келісудің ерекшеліктерін, бекіту тәртібін оларды бекітетін мемлекеттік басқару органдары белгілейді.

4. Салалық стандарттарда белгіленген нормалар мен талаптар мемлекеттік, мемлекетаралық, халықаралық стандарттар белгілегеннен төмен болмауы тиіс.";

7) 13-баптың 2-тармағында "бекітіледі" деген сөзден кейін "және тіркейді" деген с ө з б е н т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

8) 1 5 - б а п т а :

1-тармағының үшінші бөлігінде "нормативтік құқықтық" деген сөздердің алдынан " стандарттау жөніндегі" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармағының төртінші бөлігінде "қаулысымен" деген сөз "бұйрықпен" деген с ө з б е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

9) 17-бабының 2-тармағы мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"3) Өнімді каталогтау жөніндегі ақпаратты қалыптастыруды, жүргізуді және беруді ұ й ы м д а с т ы р а д ы . " ;

10) мынадай мазмұндағы 17-1) тармақшамен толықтырылсын:

"17-1-бап. Өнімді каталогтау жүйесі

1. Өнімді каталогтау жүйесі стандарттаудың мемлекеттік жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады, мемлекеттің, дайындаушылардың және тұтынушылардың мүддесіне ж а с а л а д ы .

2. Қазақстан Республикасының аумағында өндірілетін өнім каталогтауға жатады.";

11) 18-бабы 1-тармағының екінші бөлігінде "жатқызылған" деген "жатқызылмаған" деген с ө з б е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

12) 19-бабының 1-тармағы мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын

:

"3-1) нормативтік құжаттар мен өлшеу құралдары міндетті талаптарының сақталуын қадағалау жөніндегі облыстар мен қалалар бас мемлекеттік инспекторларының орынбасарлары - стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға ведомстволық бағыныстағы аумақтық бөлімшелердің басшылары";

13) 21-бабының 7) тармақшасы "сәйкестік сертификатынсыз" деген сөздерден кейін "(сәйкестік сертификатының және (немесе) сәйкестік таңбаларының көшірмелерінсіз) немесе сәйкессіз туралы декларацияларсыз (сәйкестігі туралы декларациялар көшірмелерінсіз)" деген сөздермен толықтырылсын;

14) 23-бабының 1-тармағы 2) тармақшасының төртінші абзацы "сәйкестік сертификатынсыз" деген сөздерден кейін "(сәйкестік сертификатының және (немесе) сәйкестік таңбаларының көшірмелерінсіз) немесе сәйкестігі туралы декларацияларсыз (сәйкестігі туралы декларациялар көшірмелерінсіз)" деген сөздермен толықтырылсын;

1 5) 2 8 - б а п т а :

1-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) мемлекеттік стандарттаудың бағдарламалары мен жоспарлары";

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілмеген стандарттау жөніндегі жұмыстар шарттық негізде жүзеге асырылады."

2. "Сертификаттау туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 20, 725-құжат; 2001 ж., N 1, 7-құжат; N 15-16, 231-құжат; N 23, 321-құжат):

1) 1 - б а п т а :

12) тармақшада "нормативтік құжат" деген сөздерден кейін "(бұдан әрі - нормативтік құжат)" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 13-1) тармақшамен толықтырылсын:

"13-1) Сертификаттау және аккредиттеу саласында консалтинг қызметтерін көрсету жөніндегі ұйымдар - белгілі бір қызмет саласында аккредиттеу, сапа жүйелерін сертификаттау, кадрларды даярлау және қайта даярлау жөнінде жұмыс жүргізетін заңды тұлғалар";

16) тармақшада "ережелері бойынша" деген сөздер "нормативтік құжаттардың талаптарымен сәйкес" деген сөздермен алмастырылсын;

1 7) т а р м а қ ш а а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

2) 4-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Сертификаттау жөнінде жұмыстар жүргізуші заңды тұлғалар, сертификаттау және тіркеу саласында консалтингтік қызмет көрсетпеуге тиісті";

3) 5 - б а п т ы ң 1 - т а р м а ғ ы н д а :

екінші абзацта "мемлекеттік орган" деген сөздің алдынан "уәкілетті" деген сөзбен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы тәртіппен төртінші абзацпен толықтырылсын:

"сертификаттау жөніндегі сарапшы-аудиторлар.";

4) 6-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы жетінші абзацпен толықтырылсын:

"сертификаттау және тіркеу саласында консалтингтік қызмет көрсету жөніндегі ұйымдардың есебін жүзеге асыру.";

5) 1 4 - б а п т а :

бас тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

14-бап. "Нормативтік құжаттардың міндетті талаптарының сақталуына және сертификатталған өнімнің сапасын мемлекеттік қадағалау";

1-тармақта "сертификаттау ережелері," деген сөздер "нормативтік құжаттардың міндетті талаптары және" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 - т а р м а қ а л ы н ы п т а с т а л ы н ;

6) 1 6 - б а п т а :

бірінші абзацта "мемлекеттік қадағалау" деген сөздерден кейін "қауіпсіздігі және" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші және үшінші абзацта "мемлекеттік қадағалау" деген сөздерден кейін " қауіпсіздігі және" деген сөздермен толықтырылсын;

7) 1 8 - б а п т а :

1-тармақтың үшінші абзацы мынадай мазмұнда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік сертификаттау жүйесін дамыту бағдарламалары ; " ;

2-тармақ мынадай мазмұнда жазылсын:

"2. Осы Заңмен көзделген және осы баптың 1-тармағында көрсетілмеген, мемлекеттік сертификаттау жүйесіндегі жұмыстар шарт негізінде орындалады."

2-бап. Осы Заң ресми жарияланған күннен бастап күшіне енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті